

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 33 "Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 165 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 маусымда № 3232 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 мамырдағы № 105 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 16.05.2017 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 27, 37-баптарына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 21-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 33 "Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3130 тіркелген, 2015 жылғы 31 наурыздағы "Атырау" газетінде жарияланған) мынандай толықтыру енгізілсін: қосымшада:

"Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережеде:

16–тармақ келесі мазмұндағы 30) тармақшамен толықтырылсын:

"30) елді мекендерді шаруашылық - ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру - барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу."

Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары **Ғ.И. Дүйсембаевқа** жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

